

09.12.2021 ж. № L00056

Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу

ТЛЕУЖАНОВА АЙГУЛЬ САДБЕКОВНА

*ШҚО. Білім басқармасы күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Қараторғай» орта мектебінің мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

Әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы. Барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық – зомбылықпен ұшырасып отырады. Баланың болашақта қандай азамат болуы оның мектепте, отбасында қоршаған ортада алған тәрбиесіне байланысты. Балалар да, ересектер сияқты сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

Бала өз ата – анасының тәрбиесін алуға, өз қызығушылықтарын жан – жақты дамуын қамтамасыз етуге құқылы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 137-бабы кәмелетке толмаған баланы ата-анасының немесе осы міндет жүктелген басқа адам, сонымен қатар педагог немесе оқыту, тәрбиелеу, емдеу не кәмелетке толмаған баланы қадағалау міндеттелген басқа да мекеменің қызметкері тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін атқармағаны үшін шара қолдануды қамтиды.

Зорлық – зомбылық тақырыбы мектепте тәрбие сағаттарында қаралып, ата-аналар үй жағдайында баласының қатеріне сала отырып, оқушыларға зорлық – зомбылық туралы мағлұмат беруі, ол адамның ең жаман қасиеті екенін түсіндіріп отыруы қажет. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы санасына сіңіріп, тәрбиелеуі аса маңызды іс. Зорлық – зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу немесе ондай әрекеттерден сақтандыру адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау барлығымыздың міндетіміз.

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін- бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – Конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің

бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу.

Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады. Әсіресе, өмір жағдайында түрлі соққылар, зорлық – зомбылық жағдайы көп кездеседі. Балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу бүгінгі күннің басты талабы болып табылады. Адамға зорлық көрсетудің екі түрлі жағы бар. Олар: Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.

Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Көп уақытта балалардың өміріне балта шаппау мақсатында, олардың кішігірім қылмыстарын жауып тастауға, ешкімге айтпауға тырысамыз, бірақ, қазіргі қоғамның қажеттілігі сол жағдайлардың айтылып, оқушының түпкілікті бақылауға алынуын қажет етеді.

Азаматтық – патриоттық тәрбие мен зорлық – зомбылық екеуін қатар қарауымыз керек. Егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, әр ұстаздың ең басты мақсаты – дені сау, ұлттық сана – сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, парасаты, ар – ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу болса, бүгінгі қоғамда жас ұрпақтың бойында зорлық – зомбылық жасауына жол бермеу, өзін – өзі қорғай білуін қалыптастырудың, оқушыларға осы патриоттық сезімдерді жеткізе білсек, оқушының көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек, онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елін сүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз деген сөз.

Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау керек? (Ата-аналарға өз балаларына айтып жүру үшін жаднама)

-Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау.

-Егер Сізге тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп қалуға тырысу, ертерек қашып кетуге сөмкенді дайындау, тиісті құжаттарыңмен бірге, көрші – көлемдеріңмен сөйлесу, айқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау.

-Қауіп-қатерді азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін.

-Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;

-Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан

тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;

-Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мынадай принциптерге сүйенеді:

- 1) заңдылыққа;
- 2) адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігін сақтауға;
- 3) адам мен азаматтың тәніне және психикасына азап әкелуге жол бермеуге;
- 4) отбасын қолдау және сақтауға;
- 5) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсету кезінде құпиялылықты сақтауға;
- 6) өмірде қиын жағдайға душар болған адамдармен жеке жұмыс жүргізуге негізделеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүзеге асыратын субъектілер

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) жергілікті атқарушы органдар;
- 3) отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі комиссия;
- 4) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар;
- 5) ішкі істер органдары;
- 6) қамқоршылық және қорғаншылық органдары;
- 7) білім беру органдары;
- 8) көмек көрсету ұйымдары;
- 9) дағдарыс орталықтары болып табылатынын біле жүріңіздер.

БАЛАЛАРЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАҢЫЗ, СЕБЕБІ БАЛА – ӨМІРДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТТЫ ЖАН!

Қымбатты ата-аналар, зорлық – зомбылықсыз болашақ, біздің болашағымыз үшін, кейінгі ұрпақ үшін қажет, сол себепті барлығымыз бірігіп жұмыс атқаруға шақырамын.

09.12.2021 ж. № L00059

Ғажайып білім әлемі

ОРУНБАСАРОВА АЙТБИКЕ ТИРКЕШБАЕВНА

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің "№12 "Рахат" бөбекжайының тәрбиешісі

Педагогтың аты-жөні	Орунбасарова Айтбике Тиркешбаевна	
Білім беру саласы	Таным	
Бөлім	Математика негіздері	
Тақырыбы	«Ғажайып білім әлемі»	
Мақсаты:	Сандарды санау,салыстыру,геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін, қиялын, есте сақтап түсіну, сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру.Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	
Сөздік жұмыс	Ғажайып, әлем, буратино	
Көптілді компонент	қызыл-красный-red, көгілдір-голубой-blue	
Ресурстар	Буратино, бау-бақша, жұмбақтар аялдамасы, геометриялық пішіндер.	
Барысы		
ҰОҚ кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Тәрбиеленушінің қызметі
Кіріспе бөлім	Балалар қарандаршы , бізге қонақтар келіпті, қане алдымен сәлемдесіп алайық. Шаттық шеңбер. Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Қонақтарға сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, менің қолымнан не көріп тұрсыңдар?	Балалар тәрбиешімен амандасады, жылу жық шеңберінде бір-біріне лебіздерін білдіреді.Шеңберге тұрып қимыл қозғалыс жасайды

	Тәрбиеші: Қане, балалар жүрегімізден шығарып жылы сөздер айтайықшы. Тәрбиеші: Балалар сендер бір- біріңнің қолдарыңнан ұстап тұрғанда нені сезесіңдер? Тәрбиеші: Жақсы балалар бүгінгі күнімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық.	Балалар: Жүрек Балалар: Аспанымыз ашық болсын Күніміз жарқын болсын Еліміз тыныш болсын! Балалар: Жылулықты, мейірімділік ті, достықты.
Негізгі бөлім	Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Күздің қандай айы ? Балалар күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Балалар біздер күзді неге алтын күз, жомарт күз деп атаймыз? Жарайсыңдар балалар , ал қараша айын неге қоңыр күз дейміз? Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, олай болса күз туралы кім тақпақ айтып береді, кім күз туралы тақпақ біледі? Буратино: Сәлеметсіңдер ме балалар Буратино: Балалар осы жер «Ғажайып білім әлемі ме» Тәрбиеші: Жоқ Буратино, бұл жер балабақша. Буратино: Балалар мен алтын кілтімді жоғалтып алдым,кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтіңді «Ғажайып білім әлеміне» барсаң табасың деді. Мен «Ғажайып білім әлеміне »қалай барсам екен баратын жолды таба алмай адасып, осы	Балалар: Күз мезгілі Қараша айы Күз мезгілінде күн суытып салқындайды, кейде жаңбыр жауады, жел соғады, жер балшық болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар жылы киіне бастайды. Күзде өсімдіктер, астықтар піседі, көкөніс пен

	топқа кіріп кетіппін. Маған баратын жолды көрсетіп жібересіңдер ме? Тәрбиеші: Еш уайымдама, Буратино. Қане балалар Буратиноға көмектесеміз бе? Тәрбиеші: Олай болса, балалар, Буратиноны ертіп, жол көрсетіп, «Ғажайып білім әлеміне» бізде саяхатқа шығып қайтайық. Саяхатқа шығамыз ба? Тәрбиеші: Балалар саяхат кезінде бізге әртүрлі қиындықтар кездеседі, сол қиындықтарды бірге жеңе білейік. Ол үшін бір- бірімізді сыйлап , тыңдауымыз керек. Балалар қане енді паровозға мініп, жолға шығайық. Тәрбиеші: балалар міне біз 1-ші аялдамаға да келіп қалыппыз Бұл бірінші аялдама: «Жұмбақтар» аялдамасы екен. Бірінші аялдама бізге мынадай тапсырмалар тапсырыпты: Бой жаза алмай, ойнай алмай. Денең мұздап тоңады. Бөбектерім айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Күз) Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) Тырс- тырс тамады, Сайға қарай ағады. (Жаңбыр) 2-ші аялдама «Бау- бақша» аялдамасы. Бау- бақша аялдамасы көкөністер мен жемістерді араластырып қойыпты. Бақшаға барып жемістер мен көкөністерді ажыратыңдар депті. Қане балалар бақшаға барайық. -Ой, балалар алдымызда көлшік жатыр ғой, одан қалай өтеміз? Аяғымызды ластанмай, батпаққа батпай, көлшіктен ақырындап, абайлап өту үшін не керек? Тәрбиеші: Балалар мына жерде орындықтар тұр екен, енді осы орындықтарды рет санымен қойсақ көпір шығады екен.	жеміс жидектер көп болады. Жаңбыр жиі жауады, ауа-райы салқындайды, жапырақтар жерге түсіп, қурайды. Балалар: Сәлеметсіз бе, Буратино Балалар: Иә, көмектесеміз
--	---	---

	Міне балалар бау- бақшаға да келіп қалдық. Д/О Адасқан сандар Сергіту сәті: Орнымызда тұрамыз, Дөңгелекті құрамыз Қолымызбен шапалақтап, Аяқпенен ұрамыз . 3-ші аялдама «Пішіндер » аялдамасы Балаларға әр түрлі түсті пішіндер беріледі. Пішіндерді құрастыру. Дидактикалық ойын: Көлеңкесін тап Буратино : -Алақай, алақай менің кілтім табылды. (Қақпаның аузында , Буратиноның алтын кілті тұрады.) Қақпаның үстіңгі жағында «Ғажайып білім әлемі» деген жазуы бар. Тәрбиеші : Балалар қараңдаршы біз алтын қақпаға да келіп қалыппыз. «Ғажайып білім әлемі» деген осы жер балалар. «Ғажайып білім әлемі» бізге ең бастысы білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындадық, Буратиноға кілтін табуға көмектестік. Буратино: Балалар сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған «Ғажайып білім әлеміне» баратын жолды көрсетіп, алтын кілтінді табуға көмектестіңдер,көптеген тапсырмалар орындадыңдар.Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендеріңді көрсеттіңдер. Мен осындай «Балбөбек» балабақшасының тапқыр, ақылды, білімді балаларының барына қуанып тұрмын. Тәрбиеші: Міне балалар Буратиноға көп көмек көрсеттіңдер. Кілтін табуға көмектестіңдер. Өздеріңнің ұшқыр ойларыңды , тапқырлықтарыңды, қиындықтан қорықпайтындарыңды көрсеттіңдер.Осымен «Ғажайып білім әлеміне» саяхатымыз аяқталды, енді өзіміздің тобымызға оралайық.	Балалар: Көпір керек Балалар жемістерді талға іледі, көкөністерді жерге отырғызады.
--	--	--

Қорытынды бөлім	Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Сендер саяхатқа қайда бардыңдар? Біздер кімге көмектестік? Өте жақсы балалар, енді қол ұстасып, бір- біріміздің жүрек жылуымызды сезініп, бүгінгі саяхатымызды аяқтай отырып, қонақтар мен қоштасайық Қол ұстасып тұрайық Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы, Сау- саламат болайық. Сау болыңыздар!	Ия ұнады. Қуанады .
----------------------------	---	------------------------

09.12.2021 ж. № L00060

Жаңа заман тәрбиешісі

ЖИДЕБАЕВА НУРСУЛУ МЕНДИКУЛОВНА

*Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша
білім бөлімінің "№12 "Рахат" бөбекжайының тәрбиешісі*

Жаңа заман тәрбиешісі – бұл сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік шараларды анықтай алатын білімді адам. Бұл бала және оның ата-анасымен тіл табыса білетін, қиын ситуациядан шыға білетін жақсы психолог. Бұл бірлесіп еңбек етуге, ұжымдас жолдасына кез келген кезде көмек беруге даяр тұратын маман. Жаңа заман педагог дегеніміз үнемі ізденіс үстінде өз білімін жетілдіріп отыратын, жаңа әдіс жолдарын пайдалануға құштар және жақсы жетілген педагогикалық тәжірибені өз ісіне еңгізе білетін шебер маманды айтамыз. Атақты ұлы педагог Амонашвили «Тәрбиеші бұл- өзге адамның дамып жетілуін өз жауапкершілігіне алатын кәсіби адам» - деп атап өткен. Біз ата-аналармен бірге балаларды тәрбиелей отыра, еліміздің болашағын құрамыз.

Сондықтан тәрбиеші ата-ана алдына талап қоя білетін, баланы ұйымдастырылатын оқу әрекетінде сауатты жүргізетін жақсы маман екенін дәлелдей білу керек. Тәрбиеші тек балаға белгілі бір дағдыларды қарапайым үйретуші, білім элементтерінен түсінік беруші ғана емес, ол баланы сүйеді, олар қуанса бірге қуанады, мұңайса себебін таба білетін маман. Бұның бәрі ата-анамен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарда ата-аналар жиналысында, жеке пікір алысуда, консультацияларда т.б. әр ата-ана баласының сабақтағы жетістіктерімен мінезі ғана емес ол бала қандай ойында кім болып ойнайды, құрдастарымен қарым-қатынасы, мінезіндегі ерешеліктері, жеке даму саласындағы жетістіктерімен кемшіліктері т.б. жөнінде айтылу керек.

Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие ұйымы болғандықтан тәрбиешілерге мәдениетті, білімді, белсенді жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Бала тәрбиесі отбасынан басталады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілдермен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Осыған орай кез келген бүлдіршін үшін балабақша тәрбиесі ата-анадан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғастырып, жандандыруы сөзсіз. Ал, бүлдіршіннің тілге, білімге деген қызығушылығы оның ойлау қабілеті, танымдық қажеттіліктері балабақшада қалыптасады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына өшпестей із қадырады. Балабақшаның ең басты мақсаты: «Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің жан-жақты эстетикалық дамуын қамтамасыз ету». Жаңа

технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологияларды күнделікті ұйымдастырылған оқу әрекетінде пайдалану үшін әр тәрбиеші бүлдіршіндердің жас ерекшеліктерін ескеріп, педагогтың мақсат мүддесіне орай таңдап алады. Балабақшада тәрбиеші - бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне тәрбиешіге тікелей байланысты. Сол себепті де, мектепке дейінгі білім берудің - баланың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейін құру талабы әрбір балабақша алдында тұрған басты міндет.

Тәрбиеші – балабақшадағы басты тұлға. Балалар тобындағы психологиялық ахуал, балалардың өзара жарасымды қарым-қатынасы олардың балабақшаға келуінің ынталылығы, көптеген басқа да жәйттер тәрбиеші жұмысына байланысты. Ол ата-аналармен бірге баланың дұрыс өсіп жетілуін, қалыптасуын белгілі нысанда жүргізетін ықпалды тұлға. Мектепке дейінгі мекеме жүйесін қайта құру ісіне педагогтардың қатысуына жағдай жасау үшін шығарымпаздығын, жаңашылдығын, өзін іс жүзінде көрсете алуын қуаттай білуі қажет.

Болашақ ұрпаққа жан-жақты, терең де жарасымды тәрбие берудегі басты тұлға — *тәрбиеші-педагогтар* мен *ата-аналар*. Қазіргі заман талабы ата-ана мен тәрбиешіден баланың жеке басын қалыптастыруды, оның көкірек көзін **оятып, ата-бабадан қалған халқымыздың асыл мұрасын бойына сіңіруді**, адамгершілік, ізеттілік қасиеттерге баулуды талап етеді. Ол үшін, ең алдымен, тәрбиешінің өзі жан-жақты білімді, ізденгіш, озық тәжірибені бойына жинақтаған, сезімтал, балаға жүрек жылуын бере білетін, оның ішкі дүниесін, жан сезімін аңғара алатын маман болуы керек. Себебі, бала өмірге қажетті дағдыны әуелі отбасында алғанымен, оны әрі қарай тереңдететін, білім мен тәрбиеге баулитын - тәрбиешілер. Тәрбиеші беделін қозғағанда, педагог этикасы туралы айтпай кету мүмкін емес.

Тәрбиеші оқу-тәрбие үрдісіндегі негізгі тұлға. Жас ұрпақ бойына тәрбиенің алғашқы негізін қалыптастыратын тәрбиеші адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағдарлай алатын әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оны түсіндіре алатын болуы керек. Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші - әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін, ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі де зор болады.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі - жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістерінің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді.

Сол себептен де ол үнемі жинақы, таза, ұқыпты жүруге, сөйлеген сөзі мәнді, әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлейді.

Тәрбиешінің білімділігі - тәрбиешінің өмірге көзқарасы табиғат пен қоғамның даму заңдарын терең түсініп, тұрақты болуы үшін ол өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Педагогтың алдыңғы қатарлы білімділігі оның өз ісіне сенімімен, іс-әрекетінен, принципінен, жүргізген оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістерінен көрініс табады.

Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші - әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін-сыпайы, еркін, ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы.

Тәрбиеші үнемі алға талпынып, жас ұрпақ тәрбиесіне белсенді араласуға, балалар арасында беделді болуға міндетті. Онын адамдарға, балаға деген сүйіспеншілігі мол, моральдық жағынан биік болуы, мамандығын жақсы көруі шарт.

Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі балаларға тәрбие беру және оларды мектепте ойдағыдай оқытуға дайындау ісін жүзеге асырады. Жоғары білімді тәрбиешіге тән қасиет педагогикалық шеберлік, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысу болып табылады.

Тәрбиеші - еңбек ұжымының мүшесі, оның іскерлік және жеке дара қасиеттері сол ұжымда көрінеді. Мектепке дейінгі мекеменің мақсат пен міндет бірлігі арқылы біріккен ынтымақшыл ұжым творчестволық инициативаны дамытуға, тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі, әрбір қызметкердің моральдық бейнесі мен педагогикалық шеберлігін жетілдіруге ықпал жасайды. Мамандық борышын сезіну, өзінің мәртебелі міндеті мен жауапкершілігін түсіну, творчество, мақсат қоя білу мен табандылық, өз қызметін сын тұрғысынан бағалай білу - нағыз педагог үшін тән. Педагог - азаматтық, принциптілік, жолдас талғағыштық, адалдық пен шыншылдық секілді моральдық биік сапаға ие үлкен мәдениет адамы.

09.12.2021 ж. № L00062


Communication and technology

АМИРОВА КАМАР ШАДИХАНОВНА

*Шымкент қаласы Абай ауданы №93 В.Терешкова атындағы жалпы
Орта білім беретін мектебінің ағылшын тілі мұғалімі*

	School:	
Date:15.10.2019	Teacher name:	
Grade:7	Number present:	absent:
The theme	Communication and technology	
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	7.C3 respect different points of view 7.L3 understand more complex supported questions on a growing range of general and curricular topics 7.L6 deduce meaning from context in supported extended talk on a range of general and curricular topics 7.S5 keep interaction going in longer exchanges on a range of general and curricular topics 7.S7 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a limited range of general topics, and some curricular topics	
Lesson objectives	All students will be able to - use new topical vocabulary - match at least 2 communication types to the speaker Most students will be able to - match 2-3 communication types to the speaker Some students will be able to - predict possible answers during listening activity - give their opinion with the help of prompts	
Assessment criteria	Students will be considered successful if they are able to match the types of communication in listening section with 2-3 correct answers	
Value instilled at the lesson (including Global citizenship key elements (GC))	GC Knowledge and understanding: The importance of respect and protection of human rights. GC Skills: Understand personal strengths and weaknesses. GC Values and attitudes: appreciate own individuality and individuality of other people.	

Cross curricular links	Kazakh and Russian languages	
ICT skills	Interactive board	
Previous learning	Hobbies and leisure	
Plan		
Planned timings	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)	Resources
Beginning 10 min	Warming up: Divide the class into two groups of equal size. One group should stand in a circle, looking out. The other group should stand in a larger circle around them, looking in. So the two circles of students will be facing each other, with a partner for each student. What is the Kazakh for bag? watch, laptop, ID card, keys, mobile phone, money, mp3 player, ticket Teacher asks students come to teacher's table and choose one piece of the puzzle then find the other parts of the puzzle which have other students by this way you will collect three pictures and compound three groups W Teacher asks: Look at your pictures, what are they? T elicits from Ss the theme of the lesson and introduces the LO	PPT 1
2 min		PPT 2
Middle 5 min	Lead – in: T asks Ss to brainstorm their ideas about What about our today's theme? Watch the video Ss –about ICT Pre – teaching: T uses flascard technique to present new vocabulary. This order is repeated for each word . New words: navigator- memory stick printer; camera; refrigerator. Touching the flashcards Write the names of the most popular gargets.	PPT 3-10
20 min		
13 min		PPT 11



	1 _____ 2 _____ 3 _____   6 _____ 7 _____ Think pair share Activity 1: Ss work in pairs. Complate the dialogue with 4 of the words. Ann:Hi Jason,. I have a question for you. Jason: OK, what's up? Ann:I've been having a problem with my computer. I know you're an engineer so I thought you might be able to help me. Jason I see. What's the problem? Ann I have a file that I can't open for some reason. Jason: What type of file is it? Ann: It's a Word document I've been working on. I need to finish it by tomorrow. Jason: Do you think your computer might have a virus? Ann: No, I checked and there weren't any. Jason: OK. I'm not sure what's wrong. If it's possible, email the file to me and I'll see if I can get it to open. Ann: OK, I'll do that when I get home. Are you going to be around tonight? Jason: Yeah, I'll be home after 8PM. Send it to me when you get a chance and I'll call you later. Pre – listening: T gives each S a copy with the task and give them the time to study it. Then (T <i>explains the meaning of “keep in touch”</i>) and asks the question: <i>How do you keep in touch with your</i>	PPT 12 Listening worksheet audio
10 min		
10 min		
7 min		

	<i>friends?</i> T elicits from Ss what kind of information should they write in a missed spaces. Ss share their ideas. Listening: T plays the record twice and Ss match the speakers to the type of communication. T shows right answers on the PPT and Ss peer check. <u>Answers: 1 text messages, 2 Skype, 3 a blog, 4 social networking sites</u> Students listen again and note down the benefits and negative points the speakers mention. Post-listening; Students discuss the advantages and disadvantages of technology. Answers: Benefits Speaker 1: quick and cheap; texts are quiet Speaker 2: can see his grandchildren; it's free Speaker 3: a great way to tell people about your travel experiences; you can put up photos of the people you meet and the places you visit; as soon as you write the blog, people all over the world can read it Speaker 4: found friends she hadn't seen for years and it was great to get in touch again Negative points Speaker 1: gets annoyed when you're talking to someone and they're texting someone else Speaker 2: internet sometimes crashes during the phone call or he can't see the picture properly Speaker 3: can't do it if they can't find an internet café Speaker 4: keeps checking it when she should be working Prompts: ➤ <i>I get really annoyed when you're talking to someone, but they're texting to someone else.</i> ➤ <i>Generally, I think technology is</i> ➤ <i>The only problem with my smartphone is that I keep (gerund) when I should ...</i>	
End 3 min	Plenary White-spots strategy Learners evaluate their achievement according LOs of the lesson. Learners write questions what was unclear and still needs some explanation. Homework: Learn new words. Make up sentences their own sentences. Weak Ss just make up sentences, stronger Ss have to make up a story with sentences with new vocabulary	PPT 13 PPT 14
Additional information		

Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to	Assessment – how are you planning to check learners’ learning? Formative peer assessment for the listening task: 2-3 correct answers – Achieved 1 correct answer – Working Towards	Health and safety check ICT links
<i>Differentiation can be by task, by outcome, by individual support, by selection of teaching materials and resources taking into account individual abilities of learners (Theory of Multiple Intelligences by Gardner). Differentiation can be used at any stage of the lesson keeping time management in mind</i>	Differentiation: 1) While introducing new vocabulary strong Ss can make up their own sentences with new words. 2) In pre – listening activity strong Ss can easily predict possible words. 3) As a homework weak Ss just make up sentences, stronger Ss have to make up a story with sentences with new vocabulary	<i>Safety rules</i>
Reflection Were the lesson objectives/learning objectives realistic? Did all learners achieve the LO? If not, why? Did my planned differentiation work well? Did I stick to timings? What changes did I make from my plan and why?		
Summary evaluation What two things went really well (consider both teaching and learning)? What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)? What have I learned from this lesson about the class or achievements/difficulties of individuals that will inform my next lesson		

09.12.2021 ж. № L00063

Мен – жаңа форматтағы ұстазбын

КАМЧАБАЕВА ШОЛПАН

*Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай орта
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі педагог-сарапшы*

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!»

/Н. Ә. Назарбаев./

Заман өзгеруде, менде заман талабына сай өзгере білуім керек — деген ұстаным әр ұстаздың бойынан табылуы керек.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындауы керек?» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұны осы мәселені шешуге бағытталған. Даму мен үйрену бір үйдің егіз балалары секілді. Бір-біріңсіз толық салынбаған сурет секілді шимай болып қала береді. Дамығың келсе үйренесің, үйрене бастасаң, дамып жатсың деген сөз!

Жаңа заман талабына сай, әлеммен бірге өзгеру мақсатымен менде деңгейлік курсты оқып, жаңа форматтағы ұстаз ретінде қалыптасып келемін. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануымен сыныптағы іс әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Бірінші деңгей бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің бойында Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болуы тиіс.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры **Бауыржан Момышұлы** «Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді.

Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – **Мұғалім**.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

“Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Менде ұстаздық жолымды мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретуге жиырма жыл бойы арнап келемін.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде.

Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық технологиялар ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті талап ететін іс.

В.И.Шепелдің айтуы бойынша, технология – өнер, шеберлік, біліктілік жағдайын зерттеуге бағытталаған іс-әрекеттердің жиынтығы ұғымын білдіреді.

Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Дайын білімді таратуға негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Бұндай жолмен оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін

толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады. Менде өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданып жүрмін. Денгейлік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастағаннан бастап, оқушылардың бойынан өзгерістер байқала бастады. Бұрынғы дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің баға қоюын тосып, қатесін тауып бергенін күтіп отырса, қазір өз қатесін өзі тауып өзі түзетуге машықтанып келеді. Бір — бірін бағалау арқылы өз қателерін түсініп, өзгеге үйрету арқылы үйреніп отырады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің ,интернеттің тіліне айналды.Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар.Ол қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды », - деген сөзі қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп отыр.Мәңгілік елдің соғатын жүрегі қазақ тілімен байланысты болады десек,онда заман тынысын тани білген адамға дамудың күретаымыры ақпараттық коммуникациялық технологиялармен байланысты екендігі де айқын. Осы мақсатпен аудандық қазақ тілі мұғалімдерімен «Тіл жанашырлары » атты қауымдастық құрып,биылғы жылы семинарлар өткіздім. Облыстық конференцияда «Дарынды және талантты балалармен жұмыс жүргізу жолдары»тақырыбында шеберлік сынып өткіздім. Осы тақырыппен аудандық семинарда шеберлік сынып, «Топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өтті. Мектеп мұғалімдерімен де тәжірибе алмасып жүреміз.«Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруда интерактивті әдістерді қолдану» атты семинарда аудан мұғалімдері үшін тиімді өткізіліп, тәжірибе алмастық.

Астана қаласында өткен «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар»Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі форумына қатысып алған мәліметтер бойынша аудан мұғалімдерімен ой бөлістік.

Біздің мақсатымыз- гүлденген қоғам орнату. «Ұлттық тіл — әр халықтың өзіне тән ой- санасын, парасатын, бүкіл болмыс- тіршілігі мен сезімін- түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретаымыр.»

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында басты мақсатымыз-Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы, ол- «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деген. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық.

Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген.

Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.

Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды.

Жаңа формат мұғалімі пәнді жақсы білумен қоса, стандарт талап етіп отырған құзыреттіліктерді жете меңгеруі тиіс.

Елбасымыздың «Мәңгілік Елге» бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жолында білімді шәкірт дайындаудан шаршамайтын, қазақ елінің жаңа форматты мұғалімін дайындауға атсалысып деңгейлік курсты өткізіп

жүрген білімді де, білікті тренерлердің еңбектері біз үшін баға жетпес нұсқау болып отыр. . Әлемнің озық елдері арасында Қазақстанның білімді жастарының орны ерекше болып шарықтай берсін.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның «рефлексиялық оқыту» технологиясында немесе Абай Құнанбаевтың он бесінші сөзінде айтылғандай әр адам өз ісіне есеп бере білсе нәтижеге жетері анық деп санаймын..

09.12.2021 ж. № L00064

Мен – жаңа ғасыр педагогімін

КУЛЬМАГАМБЕТОВА РАЙГУЛЬ САГИНБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы №18 жалпы білім беретін
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

*«Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді.
Керемет мұғалім көрсетеді,
Ұлы мұғалім шабыттандырады»*

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе – ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе – бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Мен үшін қастерлі де, қасиетті мамандық ол – ұстаздық жол.

Мамандықты таңдау – әр адам үшін ең маңызды шешім. Мен үнемі Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін өзіме жол сілтер Темірқазық қып алдым. Сөйттім де «Ұстаздық» деп аталатын қиын да қызық соқпаққа алып барар мамандықты таңдауға бел будым. Өйткені мектеп өмірі мен үшін ыстық, тым жақын. Бала күнімнен санама сіңген қоңырау үні, 45 минуттық білімнің тылсым құдіреті өзіне шықыратын да тұратын. Осы арман желкені салиқалы да салмақты ұстаздарымның жолын жалғастыруға себеп болды.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, – деп, ұлы Абай атамыз айтқандай, мектеп ұжымындағы әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыпайылық, адамгершілік, еңбексүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді бойыма сіңірдім. Тәжірбиелі ұстаздардан шәкірттермен жұмыс жасау әдістерін, оларды жақсы көруді, көңілін таба білуді үйрендім Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолымдағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, ақпарат ағымында заманауи алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Б.Момышұлы «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» дейді. Ал ұстаздық – мен үшін биік шың іспетті. Өзіңнің аңсаған шыңыңа шығу үшін талай еңбектенесің. Ал сол шыңға жету жолындағы талай бұрмалаң да шатқал, қиын да қалтарыстарына төзе білетініме сенімім мол.

Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана.
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамыңа шуақ шашар үнемі, – деп М.Шаханов ағамыз жырлағандай, адам баласының өміріндегі төрт ананның бірі болып табылатын – қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімі болу – аса жауапкершілікті іс деп білемін. Осындай жаһандану заманына тұспа-тұс келген біздің шәкірттеріміздің бойына ұлттық рухымызды сіңіріп, тілі мен дінін, ділін берік ұстанған ұрпақ оқыту, тәрбиелеу барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімінің мойынына жүктелетін міндет зор. Сондай-ақ қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты мәселе – жаңа форматты ұстаз қалыптастыру. Бүгінде ұстаздар қауымы үстелдің бір шетінде «мен ұстазбын» деп тұрып алмай, бақылаушы, жазалаушы, тексеруші қызметін әрі ысырып тастап, ізденуші, зерттеуші, шығармашылықпен жұмыс жасайтын жаңашыл болса деп ойлаймын.

Иә, мен қазіргі заман педагогімін. Осы жолда өз алдыма шәкірттерге терең білу барысында мақсаттар қойдым. Менің ойымша, қазіргі педагогикалық тәжірибеде тиімділікке қол жеткізу үшін Кембридж бағдарламасын жеті модульді сабақта тиімді пайдалану, яғни оқушыға өзіне дұрыс шешім табу және алға қойылған міндеттерді шешу үшін шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік беру керек. Мен өзімнің шәкірттеріме бағыт-бағдар беремін, ал алдымдағы шәкірт оны жүзеге асырады. Жан-жақты өз пікірлерін айтып, ойларымен бөліседі. Өз сабақтарымда қолданатын әдістер мен тәсілдер заман талаптарына сәйкес келеді және оқушыларыма ұнайды. Жаңа ғасыр педагогі, бұл – рефлексивті педагог. Әрбір мұғалім үнемі өзін-өзі жетілдіріп және де рефлексия тәжірибесінде ғана бұл өсуге ықпал етеді.

Мен жұмыс жасап жүрген шағын жинақты мектепте әр түрлі оқушылар бар және әр оқушының ойлауы мен қабылдауы да әр түрлі деңгейде. Кей кезде жаңартылған білім беру жүйесінде топқа, жұпқа бөліп жұмыстану кездерінде қиындықтар да кездесіп жатады. Осындай кездерде шетел ғалымы Генри Фордтың « Бұған дейін жасағандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады» деген сөзін есіме аламын да, өзімнің тәжірибемде жинақтаған әдіс-тәсілдерге сүйенемін.

Менің шәкірттерім менен әр күн сайын жаңалықтар күтеді және олардың сенімін ақтамауға болмайды. Менің мамандығым менен тұрақты жұмылдыруды талап етеді. Мен бәсекеге қабілетті жастарды дамыту және тәрбиелеу үшін барлық жаңалықтарды білуге міндеттімін. Мен мұғаліммін, «Өз болашағымды» оқытамын, болашақ дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, әскери және барлық болашақ мамандарын даярлаймын.

Менің түсінігімде, жаңа ғасыр педагогы – өз ісінің кәсіби шебері, ол білім көзі болып қалу ғана емес, оқыту үрдісінің белсенді қатысушысы. Әрбір баланы оқу үрдісіне тарту оңай, бірақ кейде мұны жүзеге асыру қиын. Тек әдістемені жақсы меңгерген педагог сыныптағы жұмысты дұрыс ұйымдастыра алады.

Қазір ХХІ ғасыр. «Заманға сай қадам басып барамын ба?» деген сұрақ мені де толғандырады. Жаһандану дәуірінің талаптарына сәйкес келе ме? Менің ойымша, бұған жауап: «жоқ» болуы да мүмкін емес.

Мен – жаңа ғасыр педагогімін. Мен өзімнің білімім мен біліктіліктілігіме сенемін, әр түрлі оқыту құралдарын тиімді пайдаланамын, сабаққа дайындыққа шығармашылықпен келемін.

Ал ең бастысы, менің біліктілігім, мен «Өз болашағымды» оқытамын!

10.12.2021 ж. № L00073

**Ақпаратты коммуникациялық технологияларды
мектеп жасына дейінгі балаларға қолдану**

АБИЛСЕЙТОВА НАЗЕРКЕ ПАЛУАНБЕКҚЫЗЫ

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы "Теремок" балабақшасының тәрбиешісі

«XXI ғасыр ақпараттандыру ғасыры» болғандықтан бүгінгі таңда ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Қазіргі кезде балаларды белгілі бір біліммен ғана қамтамасыз ету жеткіліксіз. Олардың білім алуымен қатар тапқыр, ой – өрісі жоғары, өз пікірін ашық білдіретін, жаңашыл ұрпақ етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды жаңашылдыққа, іздемпаздыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдаланудың маңызы зор болмақ.

Қазіргі кезде қоғам әрдайым өсіп келе жатқан, бірнеше жылдың ішінде ұлғайып келетін ақпараттық ағынның әлемінде өмір сүруде. Бүлдіршіндеріміздің ертеңі – ақпараттық қоғам, сондықтан білім беру саласының ақпараттануы іргелі мағыналы болып келеді.

Бүлдіршіндердің білім берудің кейінгі сатыларында нәтижелі дамуын анықтайтын негіз – балабақшадан қалатындығы баршамызға мәлім. Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады. Инноватика ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, тәсілдерді, құралдарды, бағдарламаларды пайдалану.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио – видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу – әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу қызметтерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу қызметтерін өткізер алдында жиі – жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді.

Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оқу қызметіне белсенділігін арттыра түседі. Мультимедиялық оқулықтар балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттердің біріне айналды.

Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу – тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру, оқу – тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу:

- Ұйымдастырылған оқу қызметін қызықты етіп өткізу арқылы балалардың қызығушылықтарын арттыру;
- білім сапасының көтерілуіне жағдай жасау;
- оқыту процесінің сапасын арттыру;
- қажетті ақпаратты іздеуді оңайлату және көлемін ұлғайту.

Компьютерлік мультимедиа технологиясын пайдалану, әртүрлі слайттар, киноларды, видеороликтерді көрсету, ұйымдастырылған оқу қызметіне байланысты музыкаларды тыңдату арқылы эстетикалық тәрбие беру.

- пән аралық байланыс орнату;
- ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ақпаратты өңдей білуге үйрету.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс – әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап – талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі.

Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын – әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу қызметтеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

10.12.2021 ж. № M00007

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

БЕКМУРАТОВА МУХАББАТ ЕШИМОВНА

Түркістан облысы, Шардара ауданы, Алатау батыр ауылы.

"Қазақстан" жалпы орта мектебінің мектеп алды даярлық топ маманы.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде.

Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.

Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді.


Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты:Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер:Жеміс пен көкөністің мұляжы.



Ойын барысы:Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністіңарасынанбіреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты:Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы:Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян,тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен,қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.



Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.



«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.




Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірімелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



09.12.2021 ж. № L00069

БОГОМОЛОВА ОКСАНА АДЛЬФОВНА

Г. Усть –Каменогорск

КГУ «Средняя школа №23 им. Мухамета Шаяхметова»

Учитель музыки I категория

«Формативное оценивание на уроках музыки обновленного содержания образования в рамках творческой мастерской»

С 2016 года школы Республики Казахстан перешли на систему обновленного содержания. Предмет «Музыка» тоже претерпел изменения и одно из них это формативное оценивание. За эти годы, было сломано, не мало «копьев». И чтобы изменения произошли более гладко, я думаю, вы согласитесь со словами Ж.Ж. Руссо «Зачем приспособлять ребенка к системе образования, не лучше ли приспособить эту систему к ребенку». В этой статье хочу поделиться, с вами каким образом приспособила эту систему к ребенку я и какие использовала инновационные формы работы.

Эти формы мы апробировали с детьми, коллегами нашей школы, учителями музыки города Усть-Каменогорска.

Вместе с родителями на родительских собраниях, где родители выступали в роли детей, в течение 15-20 минут родителям были продемонстрированы формы и методы формативного оценивания. Они выполняли задания в группах, индивидуально, оценивали друг друга, получали комментарии от учителя.

Восторг и вдохновение увидела я, когда родители уходили из класса. А самое главное не только дети, но и родители изменили отношение к предмету «Музыка».

Профессия учителя схожа с профессией ювелира.

И наша цель отшлифовать алмаз и добиться прекрасного бриллианта и в этом нам помогает формативное оценивание.

Давайте вспомним, что такое формативное оценивание.

Формативное оценивание – вид оценивания, которое проводится в ходе повседневной работы в классе, является текущим показателем успеваемости обучающихся, обеспечивает оперативную взаимосвязь между обучающимся и учителем в ходе обучения, обратную связь между учеником и педагогом и позволяет совершенствовать образовательный процесс.

А теперь перейдем к практической части:

1. Игра «Табу»- это удивительная игра, которая сможет разнообразить любой урок, наполнить его не только юмором и смехом, но и проверить словарный запас учащихся.

Игра позволяет Проверить цель обучения- музыкальные понятия.

В этой игре оценивается не только прогресс отдельного ученика, учитель также наблюдает за всем классом (индивидуальное и коллективное оценивание).

Правила игры:

Учитель приглашает к доске одного ученика. Ученик встает спиной к доске, учитель пишет слово, например « Айтыс». Класс должен объяснить, показать без слов при помощи жестов это понятие. Ученик, который стоит спиной к доске, должен угадать это слово. Класс при правильном ответе - хлопает, при неправильном топают.

Игра отлично подходит для развития детей. Помогает быстро преодолевать когнитивные сложности, а также развивать словарный запас и воображение.

2. АЙТЫС

5 класс, тема «Айтыс». Эта тема для учащихся не новая. Понятие айтыс они изучали в начальной школе. Систему урока я выстраиваю таким образом, чтобы дети сами постарались определить тему урока.

Для этого использую следующие задания:

А)Слушают отрывок айтыса, определяют жанр.

На этом этапе мы проверяем цель- музыкальная грамота. Индивидуальное оценивание.

Б) Затем в группах, ребята выполняют задания.

1 группа: Подберите выражение подходящее к жанру АЙТЫС и объясните почему вы выбрали то или иное выражение:

« Языку каждый день праздник»

«Дружить с хорошим человеком- достигнешь цели, дружить с дурным- наживешь сам»

«Сильнее всего схватка в словах»

2 группа: Подберите существительное к слову айтыс. Айтыс- это....

3 группа: Найдите определение айтыс:

-Инструментально вокальное произведение.(Почему?....)

-Публичное поэтическое состязание народных певцов- импровизаторов (акынов)популярное и в наше время.

(Почему?....)

-Инструментальное произведение .

(Почему?....)

Учащиеся оценивают друг друга. Учитель: Просматривается умение детей работать в команде. На этом этапе мы проверяем цель - музыкальная грамота. Групповое оценивание.

В) Исполнение айтыса между девочками и мальчиками. Здесь учитель проверяет и оценивает цель - сочинять и импровизировать несложные композиции, используя средства музыкальной выразительности.

Используя эту систему, можно выстроить введение в тему урока многих уже

для ребят знакомых тем.

3. Вокально-хоровая работа.

На уроках музыки мы все проводим вокально-хоровую работу, но как ее разнообразить и сделать не только интересной, но и познавательной, мне пришла идея. Каждая песня имеет свою историю. И серию песен при подготовке к 9 мая, помимо прослушивания и разучивания, ввела еще и знакомство с историей песни. Дети приносили на урок не только письменные работы, но и находили интересные видео материалы. Сначала включались в работу самые активные дети. Но с каждым уроком все больше учащихся заинтересовывались этой идеей.

На этом этапе оцениванием цель-сбор материала для создания музыкально творческих работ. Прослеживается индивидуальное оценивание. Оценивает работу ученика не только учитель, но и дети высказывают свои комментарии.

4. Музыкальные инструменты.

Урок музыки это и детское музицирование- активный вид деятельности, в котором совершенствуются мышление, воображение, развивается инициативность, самостоятельность, обогащается эмоциональная сфера. Чтобы задействовать всех детей в музицировании на уроке, я предложила изготовить дома из подручных средств самые простые музыкальные инструменты. При знакомстве с инструментами мы с детьми рассуждали из чего можно его изготовить. Домашним заданием (по желанию) просила попробовать сделать тот или иной инструмент. Результат был потрясающим, когда я увидела инструменты и их количество. Дети рассказывали, из чего они были сделаны. И итогом была игра на этих инструментах. Потребности в инструментах, самых простых, таких как барабан, дудочки, коньрау у нас на уроках за это время не возникает. Теперь мы творим музыку. И у нас отличное настроение!



Оценивается цель - музыкальные инструменты. Как индивидуальное, так и коллективное творчество.

5. Домбра

На республиканской секционной конференции нам озвучили, что в 6 классе будут вводить уроки домбры.

Как сказал Ушинский « Учитель учится всю жизнь. Как только он перестает учиться, в нем умирает учитель»

Мы уже делаем первые шаги в этом направлении с детьми. Изучая тему токпе и шертпе, мы пробуем показать на домбре разницу стилей льющий , отрывистый. Эту систему можно ввести на каждом уроке. Начиная с самых элементарных упражнений, усвершенствуя их от урока к уроку. Внедряя самые простые элементы игры на домбре, мы начинаем учиться сами, и учим своих учащихся. Музыкально-исполнительская деятельность прослеживается на этом этапе. Листы оценивания мною составляются на основе системы целей обучения из учебной программы по предмету «Музыка». Оценивать, можно используя смайлики, цвета, лесенки успеха, оценочного листа и т.д.

Закончить свою статью хочу словами:

Никогда не бойтесь попробовать что-то новое, потому что жизнь становится скучной, когда ты живешь в рамках того, что знаешь.

09.12.2021 ж. № L00071

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

АРИПБАЕВА ГУЛЬШАТ ЖУМАБАЕВНА

*Алматы облысы Балқаш ауданы «Н.Бозжанов атындағы орта
мектеп МДШО» МКМ. Ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық- коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: «Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету.

Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы - жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді». Инновациялық тәсіл оқу процесіне – тіршілік және әрекет етудің даму динамикасы ерекшелігіне, дистанциялық оқудың өзгешелігіне және жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің талаптары мен әлеуметтік пайдалы білім алуына, сеніміне, мінез- құлықтың сапасы мен өзгешелігіне, тәлім тәжірибесі мен қатынасына негізделген жаңалық енгізуге бағыттайды. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму процесін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Ал бұл, педагог жұмысындағы артықшылық жанама педагогикалық ықпал жасауға берілетіндігін білдіреді: тікелей жасалатын әдістерден, лозунгтардан және үндеулерден бас тартылады, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді. Интерактив сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, кіммен (адаммен) не болмаса немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады.

Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады: - білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі; - күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу; - тапсырмаларды шешуді жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды таңдауда келісушілік; Интерактивті әдісін мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интерактивті оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады:

- ❖ Шағын-лекциялар
- ❖ Топтардағы жұмыс
- ❖ Бақылау парағы немесе сынақ
- ❖ рөлдік ойын * ойын жаттығулары
- ❖ жобаны әзірлеу
- ❖ жағдайлық тапсырмаларды шешу
- ❖ Сапаршыны (визитерді) шақыру
- ❖ Сарапшы топтарының пікірсайыстары
- ❖ Сұхбаттар
- ❖ Сахналау
- ❖ Жағдайдан жеңілу
- ❖ Оқушының рөліне ену
- ❖ Сюжеттік суреттерді талқылау
- ❖ Сұрақ – Квиз (бақылау) және т. б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып тақта, кітаптар, бейне материалдар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.т. таныстырулар жатады. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану.

Ең тиімді программалардың бірі ActiveStudio программасы мен Microsoft Power Point. Олар мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде. Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр - түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз сабақтарымда қолданамын. Жаңа технологиялар мен интерактивті әдістерді, ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- ❖ үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- ❖ оқушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- ❖ сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- ❖ оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- ❖ оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- ❖ грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- ❖ оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- ❖ пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Көбіне мен ағылшын тілі пәнінде интерактивті әдістерді және түрлі ақпараттық технологияларды жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын. Бұл әдістер бойынша сабақ барысында оқушылар көп сөйлеп, оқытушылар аз сөйлеуге тиісті болады. Оқытудың басқа әдістеріне қарағанда, интерактивтік әдіс оқытушының жоғары белсенділік танытуын талап ететін әдіс. Сабақ кезінде оқытушының көбінесе тыңдаушы рөлін атқаруы оның процестен шет қалуы болып саналмайды. Сабақтың жоспары оқушылар өзара талқылау барысында нені ұғынуы керектігін көрсетеді, яғни, оқытушы оқушылардың іс-әрекетін алға қойған мақсатқа жетуге бағыттайтын басқарушының міндетін атқарады.

10.12.2021 ж. № M00008

Шамалар арасындағы тәуелділік

МАТКУЛОВА ГАУХАР ТОХМАХАНОВНА.


Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы. Көгершін ауылы. Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалімнің аты-жөні					
Пән/Сынып:		Математика / 3-сынып			
Қай аптаның нешінші сабағы					
Тарау немесе бөлім атауы:		Көбейту және бөлу			
Сабактың тақырыбы:		Шамалар арасындағы тәуелділік			
Оқу мақсаты:		3.2.3.4. 2 – 3 амалдан тұратын есептерді шығару			
Бағалау критерийі:		Білемін «+», білмеймін «-» белгісін қою.			
Саралап оқыту тапсырмалары					
Ұжымдық жұмыс Жаңа тақырыптың түсіндірілуі		Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма) Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету		Жеке жұмыс Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы	
Уақыты	Кезеңі	Тапсырма	Тапсырманың мақсаты	Бағалау	Ресурс-тар
2 минут	Ұйымдастыру	Тақырып, мақсаттармен таныстыру	Не меңгеретінін білу үшін		Презентация № 1бет
13 минут	Жаңа сабақ	Жаңа сабакты цифрлық ресурстар арқылы түсіндіру Кестені ауызша толтыру.	Жаңа тақырыпты меңгеру	Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау	Презентация № 1-2 бет

Бағасы	Саны	Құны
9 теңге	3 дана	27 теңге
5 теңге	6 дана	30 теңге
4 теңге	6 дана	24 теңге


Заттың құнын білу үшін заттың бағасын оның санына көбейту керек.

$$Қ = б \cdot с$$




Сатып алынған заттың санын білу үшін заттың құнын заттың бағасына бөлу керек.

$$с = Қ : б$$



Заттың бағасын білу үшін заттың құнын оның санына бөлу керек.

$$б = Қ : с$$



15 минут	Тәжірибе	1-тапсырма «Дүкен» ойыны Сен дүкенге келдің. Әрбір сатып алынған заттың құнын анықта. Кесте бойынша есеп құрастырыңдар. Жолдастарыңнан оны шығаруды сұра. Бос орындарды толтыр және тексер.	Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру	Бағалау критерийлерін ұсыну	Презентация № 3бет						
		Дүкен ойынында заттың құнын таба білдім.			+						
		Кестеге байланысты есеп құрастырдым			+						
		Кері есеп құрастыра алдым.			+						
		теңге									
		2- тапсырма Есепті құрастырып, шартын жазып, Шешуін жазып, сұраққа жауабын жазу.		Презентация № 4бет							
		<table><tr><td>Болды</td><td>Сатып алынды</td><td>Қалды</td></tr><tr><td>80 теңге</td><td> 9 теңгеден</td><td>? теңге</td></tr></table> Шарты: Болды- 80 тг Сатып алды- 9 тг-ден 2 (д) Қалды-? тг Шешуі: 80 тг – 9 тг х 2 = 62 тг Жауабы: қалды 62 теңге	Болды	Сатып алынды	Қалды	80 теңге	 9 теңгеден	? теңге			
Болды	Сатып алынды	Қалды									
80 теңге	 9 теңгеден	? теңге									
		<table><tr><td>Болды</td><td>Сатып алынды</td><td>Қалды</td></tr><tr><td>70 теңге</td><td></td><td>? теңге</td></tr></table>	Болды	Сатып алынды	Қалды	70 теңге		? теңге			
Болды	Сатып алынды	Қалды									
70 теңге		? теңге									

		<table><tr><td></td><td>3 теңгеден</td><td></td><td></td></tr></table> Шарты Болды- 70 тг Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ) Қалды-? тг Шешуі: 70 тг – 3 тг х 4 = 58 тг Жауабы: қалды 58 теңге <i>Кері есеп құрастырып көрейік!</i> Кері есеп <table><tr><td>Болды</td><td>Сатып алынды</td><td>Қалды</td><td></td></tr><tr><td>? теңге</td><td> 3 теңгеден</td><td>58 теңге</td><td></td></tr></table> Болды- ? тг Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ) Қалды-58 тг Шешуі: 3 тг х 4 + 58 тг = 70 тг Жауабы: болды 70 теңге <u>Дескриптор:</u> Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдалана отырып, қосу және азайту амалдарын орындау біліктері, безендіру, түсініктеме беру, дәлелдеу, оқу тапсырмаларын шешуде болжамдар айту		3 теңгеден			Болды	Сатып алынды	Қалды		? теңге	 3 теңгеден	58 теңге				теңге
	3 теңгеден																
Болды	Сатып алынды	Қалды															
? теңге	 3 теңгеден	58 теңге															
5 минут	Қосымша тапсырма	1. Көбейтудің мәнін қосу амалы арқылы тап. <table><tr><td>2 * 2</td><td>3 * 2</td></tr><tr><td>2 + 2</td><td>3 + 3</td></tr><tr><td>2 * 20</td><td>30 *</td></tr><tr><td>2</td><td></td></tr><tr><td>20 + 20</td><td>30 +</td></tr><tr><td>30</td><td></td></tr></table>	2 * 2	3 * 2	2 + 2	3 + 3	2 * 20	30 *	2		20 + 20	30 +	30		Бүгінгі тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгерген	10 баллдық жүйемен бағалау Күнделік кз	
2 * 2	3 * 2																
2 + 2	3 + 3																
2 * 20	30 *																
2																	
20 + 20	30 +																
30																	

		2. Өрнектің мәнін тап. $(85 - 85) * 18$ $(100 - 99) * 32$ $(25 + 49) * 0$ $(80 - 79) * 100$ 3. Есепті шығар. Әрқайсысы 3 килограмнан 6 банка қияр тұздалды. Барлығы неше килограмм қияр тұздалды? <u>Дескриптор:</u> Берілген қосымша тапсырмаларды өз бетінше орындайды	дерін тексеру		
3 минут	Бекіту	Жеке тапсырма ұсыну 500 теңгеге не сатып ала аласың? 1) Торт, йогурт және шоколад. Иә Жоқ 2) Торт, «Чупа Чупс» және батон кәмпит. Иә Жоқ 3) Торт, пирожное, «Чупа Чупс» және батон кәмпит. Иә Жоқ 4) Йогурт, батон кәмпит және шырын. Иә Жоқ 5) Йогурт, шоколад, шырын және торт. Иә Жоқ	Тақырыпты меңгергенін анықтау	Бағалау критерийлерін ұсыну 500 теңгеге сатып ала алатын нұсқаны дұрыс белгіледім.	Презентация № 5 бет +

		б) Йогурт, батон кәмпит, шы- рын және «Чупа Чупс» Иә Жок			
2 минут	Кері байланы с	"Ауа райы" әдісі	Сабаққа кері орнату		

10.12.2021 ж. № M00009

Сызбадағы шарттар мен жеңілдетулер

НУРТАЗИНА АЙЫМГҮЛ НҰРҒАЛИҚЫЗЫ

*Ақтөбе облысы. Қобда ауданы. Әлия ауылы
Әлия Молдағұлова атындағы орта мектебінің көркем еңбек,
графика жобалау пәнінің мұғалімі*

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Күні: 07.09.21. Сынып: 10.		Мектеп: Әлия Молдағұлова атындағы орта мектебі Ақтөбе облысы. Қобда ауданы. Әлия ауылы. Мұғалімнің аты-жөні: А.Н.Нуртазин а. Қатысқандар саны:27 Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы:	Сызбадағы шарттар мен жеңілдетулер	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме):	10.2.3.2.Сызбада шарттар және жеңілдетулерді пайдаланып, проекциялау тәсілдерін қолдану туралы терең білімдерін көрсету	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Сызба шарттары және жеңілдету проекциялары біледі. Оқушылардың басым бөлігі: Оқушылар өз бетінше проекциялау туралы сыза алады. Кейбір оқушылар: Кез-келген сызба шарттары, жеңілдетулер тәсілдерін орындайды.	

Бағалау критерийлері:	Білу: Сызбаны орындауда шартты белгілер мен проекцияларды біледі. Түсіну: Сызбалардағы шартты белгілер туралы түсінеді. Қолдану: Сызбадағы проекциялау тәсілдерін қолданады.
------------------------------	---

Миға шабуыл әдісі: Тілдік мақсаттар:	Жаңа сабақтың тақырыбын ашу: 1. Сызбаға өлшемдерді түсіру үшін не қажет ? 2. Сызбадағы өлшемдер қандай мүмкіндік береді? Оқушылар орындай алады: Сызбадағы шарттар мен жеңілдетулерді тиімді орындай алу. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>Шарттар</i> - условности. <i>Жеңілдетулер</i> - упрощение. Сыныптағы диалог /жазылым үшін сай келетін тіл стилі: Тыңдалым: 1. Сызбаны орныдаудағы қандай жеңілдіктер бар? 2 Сызбадағы негізгі шарттарды ата? Айтылым: 1. Не себепті..... деп ойлаймыз? 2. Сызбадағы жеңілдетулер не үшін қажет? Ұсыныс: Жазылым: Сызбадағы шарттар мен жеңілдетулердің анықтамасын дәптерге жазып алу. Ишара: (смайлик беру арқылы оқушы жауабы)
--	---

	 - Тамаша - Көмек керек - Түсіндім (оқушы жауабы)
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік ел» стратегиясы қолданады: Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту. Оқушылар бір-бірін тыңдай біліп, басқалардың жұмыстарын құрметпен қарап, ойын жеткізе білу. Оқушылардың мәдени және эстетикалық тәрбиені қалыптастыру
Пән аралық байланыс	Математика - өлшем элементтері, орыс тілі – терминологияларды сөздікке аудару, ағылшын тілі – үш тілділік геометрия, көркем еңбек, технология пәндерімен байланыстыру
АКТ қолдану дағдылары	АКТ «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», Оқушылардың жеке ізденіс жұмыстарын жүргізу дағдысын дамыту, дәлелдемелер мен дәйектер келтіру нақты мәліметтерді салыстыра білу. Ноутбук, интерактивті тақта, тақта, оқулық, сызу құралдары т/б.
Бастапқы білім	Сызбадағы шартты белгілерді орындайды, өлшемдерді қоя біледі.

Сабақ барысы:

Сабақтың жоспарланған кезеңдері

Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет жаттығу түрлері

Сабақ басы:
3-мин

Ұйымдастыру: оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.
Тренинг: «Шаттық шеңбері» арқылы бір-бірі-мен амандасуды жалғастырады. Оқушылар ұқсаса фигуралар мен бірігіп 3-топ құрайды, топ ережесін сақтайды. Топтарға бөлінеді.

Мақсаты:

Сынып оқушыларның зейінін сабаққа аудару.

Психологиялық ахуал қалыптастыру.

Нұсқау:

Топқа біріктіру:

«Төртбұрыш»,

«Дөңгелек»,

«Үшбұрыш»

геометриялық

фигураларды таңдау

арқылы үш топқа беріледі.



Үй тапсырмасын тексеру: «Сұрақ - жауап»
микрофон әдісі бойынша үй тапсырмасын сұрау.

Оқушылардың өткен тақырып бойынша алған білімдерін тексеру. Оларды шапшаң ойлауға, айтылым дағдысын қалыптастыруға, зейінін шоғырландыру бағыттау.

Нұсқау: Сұрақтарға жауап беру.

Сыныптағы диалог / жазылым үшін сай келетін тіл стилі:

Тыңдалым:

- 1.Сызбаны орындауда қандай жеңілдетулер бар ?

Айтылым:

- 2.Сызбадағы негізгі шарттарды ата?
3. Не себепті..... деп ойлаймыз?
- 4.Сызбадағы жеңілдетулер не үшін қажет?

Ұсыныс: Жазылым:

Сызбадағы шарттар мен жеңілдетулердің анықтамасын дәптерге жазып алу.

Ишара: (смайлик арқылы оқушы жауабы)

- Тамаша

- Көмек керек



- Түсінбедім


(Оқушы жауабы)

Сабақ ортасы:
8-мин


Жаңа білім: Сызбаны негізгі шарттар арқылы жеңілдету үшін өлшемдерді түсіру қажет.

Өлшемдер нәрсенің кескіндерін толықтырады және көріністердің санын азайтуға мүмкіндік береді.

Мысалға мына суретте тетікбөлшектің бір-неше проекциялық көріністері берілген. Себебі тетік бөлшекті кеңістікте көре білу үшін фронталь, горизонталь, профиль проекциялары қажет.



Мына берілген суреттегідей цилиндрдің өлшемдерін көрсетпесек, оның бір проекция-сы жеткілікті болмас еді




Сызбада уақытты үнемдеп, сызбалардың түсінікті болуы үшін өлшем сызықтарын тиімді қолдана білуіміз қажет.

Бірінші топқа нәрсе элементтерінің пішінін анықтайтын өлшемдерді жатқызады.


Ал енді өзімізге белгілі геометриялық денелердің пішінін анықтайтын өлшемдерді қарастырайық.

Нәрселердің ұзындығы, ені «өлшем сызық-тары» арқылы анықталады.


Табаны теңбүйірлі үшбұрыш болатын призма үшін үш өлшем көрсету жеткілікті.



Дөңгелек пен шардың пішіндері бір өлшем мен, яғни диаметр белгісімен анықталады.




Үшбұрыш пішінін анықтау үшін үш өлшемді, яғни үшбұрыштың үш қабырғасының ұзындығы немесе екі қабырғасының ұзындығы мен олардың арасындағы бұрышты көрсетуге болады.



Тең бүйірлі үшбұрыш екі өлшеммен (табаны мен биіктігі), ал тең қабырғалы үшбұрыш бір-ақ өлшеммен анықталады.

Дескриптор:



Қалыптастыру-шы

бағалау:

Тапсырма:

Дескриптор:

Сабақтың соңғы
5 мин.

Кері байланыс

Мақсаты: Оқушы қажеттіліктерін анықтау

«Желкенді кеме»

Оқушылар бүгінгі сабақтағы тапсырмалардың қаншалықты оңай немесе қиын болғанын кемеңі бояу арқылы бағалайды.



Саралау - оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілетті жоғары қандай мінедет қоюды жоспарлап отырысыз?

Бағалау –

оқушылардың материалды меңгерудеңгейін қалайт
ексеруді жоспарлайсыз?

(смайликтер, тағыбасқа)

Дескриптор: білім алушы

Сызба шарттарды орындай, проекциялау тәсілін орындай біледі.
Сабағы қанағаттаналық, талаптанып жүрген оқушыларға жекелеген таратпа тапсырмалар беру.
Топпен жұмыс жасау

Білім ағашы арқылы бағалау. Өзін-өзі бағалауы

Сабақбойынша Рефлексия

Критериалды бағалау: (әдіс-тәсілдері)

Жалпыбаға:

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)

1: сабақ барысында берілген тақырыптарға ізденіс жүргізу

2: сызба шарттарын көрсету

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1: топпен жұмыс жасағанда ауыз біршілікті қалыптастыру

2: бағалау критерилері

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік, қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтардан неге көңіл бөлу қажет?

Жекелеген оқушыларға тапсырма беру арқылы шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу

МАЗМҰНЫ

- *ТЛЕУЖАНОВА АЙГУЛЬ САДБЕКОВНА*
- *ОРУНБАСАРОВА АЙТБИКЕ ТИРКЕШБАЕВНА*
- *ЖИДЕБАЕВА НУРСУЛУ МЕНДИКУЛОВНА*
- *АМИРОВА КАМАР ШАДИХАНОВНА*
- *КАМЧАБАЕВА ШОЛПАН*
- *КУЛЬМАГАМБЕТОВА РАЙГУЛЬ САГИНБАЕВНА*
- *АБИЛСЕЙТОВА НАЗЕРКЕ ПАЛУАНБЕКҚЫЗЫ*
- *БЕКМУРАТОВА МУХАББАТ ЕШИМОВНА*
- *БОГОМОЛОВА ОКСАНА АДЛЬФОВНА*
- *АРИПБАЕВА ГУЛЬШАТ ЖУМАБАЕВНА*
- *МАТКУЛОВА ГАУХАР ТОХМАХАНОВНА*
- *НУРТАЗИНА АЙЫМГҰЛ НҰРҒАЛИҚЫЗЫ*